

Ерейментау аудандық мәслихатының 2011 жылғы 13 желтоқсандағы № 4С-42/8-11 "Ерейментау ауданының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2012 жылғы 13 наурыздағы № 5С-3/5-12 шешімі. Ақмола облысы Ерейментау ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 6 сәуірде № 1-9-192 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 3 қазандағы № 5С-19/3-13 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 03.10.2013 № 5С-19/3-13 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсанындағы Бюджеттік Кодексінің 56 бабының 1 тармағының 4 тармақшасына, «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына, «Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысына сәйкес, Ерейментау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Ерейментау аудандық мәслихатының 2011 жылғы 13 желтоқсандағы № 4С-42/8-11 «Ерейментау ауданының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы» (№ 1-9-184 нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, «Ерейментау» аудандық газетінде 2012 жылдың 28 қаңтарында, «Ереймен» аудандық газетінде 2012 жылдың 28 қаңтарында жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1 тармақтың 3), 4) тармақшалары жаңа редакцияда баяндалсын:

«3) қарттар мен мүгедектер айлығында - банкрот болып танылған немесе жойылған ұйымдардың зейнеткерлеріне өтініш бермей 0,7 айлық есептік көрсеткіш көлемінде, Ерейментау қаласы әкімінің тізімі бойынша;

ең төменгі зейнетақы алатын зейнеткерлерге 2000 (екі мың) теңге мөлшерінде , өтініш бермей, мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығының тізімі бойынша;

4) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, оған теңестірілген тұлғаларға, соғыс қатысушыларына жәрдемақылармен

кепілдемелер бойынша теңдестірілген тұлғалардың басқа да санаттарына өтінішсіз келесідегі мереке күндеріне мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығының салыстырма актісі бойынша бір жолғы әлеуметтік көмек көрсетіледі:

Ауғанстаннан әскерлерді шығарған күніне орай- Ауғанстандағы соғысқа қатысушылар мен мүгедектеріне 5000 (бес мың) теңге көлемінде;

Чернобыль атом электр станциясы апатын жою күніне орай- Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жоюға қатысушылар мен мүгедектерге 5000 (бес мың) теңге көлемінде;

Жеңіс күніне - Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерге оған теңдестірілген тұлғаларға, соғыс қатысушыларына жәрдемақылар мен кепілдемелер бойынша теңдестірілген тұлғалардың басқа да санаттарына;

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне - 15000 (он бес мың) теңге ;

Ұлы Отан соғысының қайтыс болған қатысушыларының әйелдеріне (күйеулеріне) 3000 (үш мың) теңге көлемінде;

Ұлы Отан соғысы жылдары жігерлі еңбек еткен үшін медальдармен марапатталған тыл еңбеккерлеріне 3000 (үш мың) теңге көлемінде;

бұрынғы кәмелеттік жасқа толмаған фашистік концлагерь тұтқындарына 5000 (бес мың) теңге көлемінде;».

2. Осы шешім Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Е р е й м е н т а у а у д а н д ы қ
м ә с л и х а т ы н ы ң*

сессия төрағасы

А. Әлжанов

*Е р е й м е н т а у а у д а н д ы қ
м ә с л и х а т ы н ы ң*

хатшысы

Қ. Махметов

«КЕЛІСІЛДІ»

Ерейментау ауданының әкімі

Л.Ж.Дүйсенов